

“АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ” АҚ
КЛИНИКАҒА КІРІСПЕ КАФЕДРАСЫ

**Науқастың әртүрлі функциональді
қалыптары: Симс, арқалық, іштік, Фаулер**

Орындаған: Жарқынбекова Т.К.
ЖМ - 115
Тексерген: Кадирова Б.Е.

Астана 2017



ЖОСПАР:

I.Кіріспе

Науқастың төсектегі дене қалыптары

II.Негізгі бөлім

1. Симс қалыпта жату
2. Арқалық қалыпта жату
3. Іштік қалыпта жату
4. Фаулер қалыпта жату

III.Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер



Науқастың төсектегі қалпы. Науқастың белсенді, белсенді емес, мәжбүрлік қалпын ажыратады. Белсенді қалыпта науқас төсектегі өз қалпын емін-еркін өзгерте алады және жүре алады. Белсенсіз науқас өздігінен қозғала алмайды. Мысалы зілді мертігулерде, жаралануда, сал болып қалғанда және т.б. Мәжбүрлік қалып дегеніміз науқастар ауырсынуын жеңілдету мақсатында қабылдайтын қалып. Мысалы, ортопноэ — қан айналымының жетіспеушілігі бар науқастардың аяқтарын төмен түсіріп, отыруы, бұл кезде қан аяқ көк тамырларында жиналады да өкпедегі қан іркілуі азаяды, ендігу біраз әлсірейді.



Науқастың
төсектегі дене
қалыптары

```
graph LR; A[Науқастың төсектегі дене қалыптары] --- B[Арқасымен жату]; A --- C[Ішпен жату]; A --- D[Бір қырынмен (оң, сол) жату];
```

Арқасымен жату

Ішпен жату

Бір қырынмен (оң,
сол) жату

Симс қалыпта жату – ішіне және қырына жату қалпы аралығындағы жағдай. Науқасты жатқызу екі мейірбикемен орындалады. Науқасты бір қырынан жатқызу керек.

Төменгі қолы арқасына қарай созылып, ал екі аяғы жеңіл тізесінен бүгіледі. Жоғарғы аяғы алдына таман қаттырақ бүгіліп, төменгі аяғы төсекте созылып жатады.







Рисунок 2.54. Положение пациента на боку

Науқасты бір қырынан жатқызу кезінде

- Бір қолыңыздың алақанын жоғары қаратып науқастың белінің астына қойыңыз.
- Екінші қолыңызды науқастың жамбасының астынан сан аймағына жіберіп, алақаныңызды жамбас-сан буынында бекітіңіз.

Қолдану көрсетілімдері

Нерв-бұлшықет
жүйесінің
ауралуры

Ойылудың алдын
алу


Жүрек-қан тамыр
жүйесінің ауралы

Іштік қалыпта жату


1. Науқаспен амандасу, жағдайын сұрау, келісімін алу.
2. Керуітті горизонтальды қалпына келтіріп, жастықты алып тастау.
3. Науқастың қолдарын шынтағында жазып, денесіне жақындату, қол ұшын санының астына қойып, қолы арқылы денесін айналдырып, ішімен жатқызу.
4. Науқастың басын бір шетіне қарау бұру, басының астына кішкене жастық қою.
5. Көк ет деңгейінен төмен іш аймағына жастық қою. Бел омыртқаларының шектен тыс жазылуы мен бел омыртқаларына салмақ түсу төмендейді.
6. Науқастың қолдарын иығында бұгу, бас деңгейіне дейін көтеру. Иық буынының шығып кетуін болдырмау.
7. Аяқ басы астына валик қою. Аяқ басының салбырап қалуын және сыртқа қарай бұралуын болдырмау.

Фаулер

қалпы







- **Науқасты Фаулер қалпында жатқызу**

- **Мақсаты: төсекте науқасты жартылай отыру қалпымен қамтамасыз ету**

Іс-әрекет	Негізделуі
1. Науқаспен амандасу, жағдайын сұрау, манипуляция мақсатын, іс - әрекеттерді түсіндіру	Науқаспен қажет қарым-қатынас жасалады.
2. Науқастың келісімін алу	Пациент құқықтарын сақтау қамтамасыз етіледі
3. Кереуеттің бас жағын 45-60°C бұрышқа көтеру	Тамақтануға, айналасындағылармен қарым-қатынас жасауға ыңғайлы жағдай жасалады.
4. Науқастың басын төмен жастыққа қою	Мойын омыртқаларының бұгу контрактураларының алдын алу қамтамасыз етіледі.

Науқасты жоғары Фаулер қалпында жатқызу

Мақсаты: Науқастың арқасымен мәжбүрлі жату қалпы.

Іс-әрекет	Негізделуі
1. Науқастың бас жағын горизонталды етіп орналастыру	Арқасымен жатқызу қамтамасыз етіледі
2. Бел аймағының астына кішкене жастықша қою.	Омыртқаның бел аймағына салмақ түсірмеу қамтамасыз етіледі.
3. Иықтың жоғарғы бөлігіне, мойын және басының астына кішкене жастық қою.	Мойын омыртқалары аймағында бүгілу контрактураларын болдырмау қамтамасыз етіледі.
4. Санның сыртқы шетіне валик тәріздес жастықша қою.	Санның сыртқа қарай бұрылуын болдырмау қамтамасыз етіледі.
5. Балтырдың төменгі 1/3 бөлігіне валик қою.	Қысым төмендеп, ойылу пайда болу қаупі жойылады
6. Аяқ басына 90°С бұрышқа тіреуіш Қою	Аяқ басының “салбырап” қалуын болдырмау
7. Науқастың қолдарын алақанымен төмен қарағыш, денесіне параллель етіп орналастыру, білек астына кішкене жастықша қою.	Иықтың шектен тыс бұзылуын болдырмау, шынтақ буынының шектен тыс жазылуының алдын алу.

Қолдану көрсетілімдері

Ойылудың алдын алу

Науқасты
тамақтандыру

Тыныс алу
жүйелерінің
аурулары

Жүрек-қан
тамырлар
жүйесінің
аурулары

Бас тазалығын
сақтау

Бақылау сұрақтары:

1. Науқастың төсектегі дене қалыптары
2. Симс қалыпта жату, қолдану көрсетілімдері.
3. Науқасты бір қырына жатқызу кезіндегі іс-қимыл?
4. Ауру науқасты тасымалдау кезіндегі носилканы қалай ұстаймыз?
5. Фаулер қалпында жоғарғы, қалыпты, төменгі жағдайда жатқызу.
6. Фаулер қалпының қолдану көрсетілімдері.
7. Фаулер қалпында төсекте науқасты жартылай отыру қалпымен қамтамасыз ету.
8. Фаулер қалпында науқастың арқасымен мәжбүрлі жату қалпы
9. Іштік қалыпта жату
10. Арқалық қалыпта жату
11. Фаулер және Симс қалыптары қандай қалып түріне жатады?(активті, пассивті, мәжбүрлі)